

Консультациялық пункттің құжаттары

Жұмыс жоспары



«Бектемір»:
«№29 бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК
директордың м.а. Бексейитова А.Е.

Консультациялық пункттің жұмыс жоспары
2023-2024 оқу жылы

№	Тақырыбы	Түрі	Мерзімі	Жауапты
1	«Бөбекжай – біздің екінші үйіміз!»	Ашық есік күні	қыркүйек	директордың м.а. әдіскер
2	«Баланы күн тәртібіне қалай үйретуге болады?»	Кеңес беру	қазан	медбике
3	«Ойын технологиясы дегеніміз не?»	Ойын арқылы балаларды дамыту жолдары, кеңес	қараша	әдіскер
	Сауалнама	Сауалнама жүргізу		педагог-психолог
4	«Көк ту астында бірлігіміз жарасқан»	Балалардың бойына патриоттық тәрбиені қалай беуге болады, ұлттық ойындар	желтоқсан	дене шынықтыру маманы
5	«Өнерлінің өрісі кең»	Балалардың бейімділігіне қарай үйірмелерге қатысуына кеңес беру	қаңтар	педагог-психолог
	«Мен болашақ оқушымын»	Баланы оқуға қалай қызықтыруға болады?, тренинг		
6	«Мақал сөздің мәйегі», «Тәрбие құралының бірі – тыйым сөздер»	Мағыналы сөздермен тәрбие беру жолдары, тренинг	ақпан	әдіскер
7	«Анам, әжем және мен»	Ашық есік күні, ата-аналарды мерекелік ертеңгіліктерге қатыстыру	наурыз	педагог-психолог
8	«Бала тәрбиесіндегі	Ұлттық құндылықтарымызды	сәуір	әдіскер, педагог-

	халықтық педагогика дәстүрлері»	дәріптеу,		психолог
9	«Баланың бос уақыты және досы»	Спорттық ойындарға қызықтыруға кеңес беру	мамыр	дене шынықтыру маманы
10	Өтініш!	Ата-аналардың өтініші бойынша жеке жұмыс	өтініш болған уақытта	ата-аналар өтінішімен
11	«Мен қуанышты болар едім!»	Бөбекжайға бармайтын балалардың ата-аналарымен кездесу, кеңес беру		

Жұмыс кестесі



2023-2024 о.ж.

Апта күндері	Жауапты маман	Қабылдау уақыты
Дүйсенбі	директордың м.а. Бексейитова А.Е.	13.00-15.00
Сейсенбі	әдіскер Каменова А.М.	13.00-15.00
Сәрсенбі	психолог Сарсенова А.К.	13.00-15.00
Бейсенбі	медбике Санахаева М.Н.	08.00-09.00 14.00-15.00
Жұма	дене шынықтыру маманы Мухашева Э.А.	11.00-13.00

Консультациялық пункт қызметінің функциялары:

1

- ақпараттық (балабақшаға бармайтын мектепке дейінгі жастағы балалар туралы ақпараттар жинағы, консультациялық пункт қызметі туралы ақпараттандыру, консультациялық пункт туралы ақпаратты ата-аналарға жеткізу).

2

- диагностикалық (бала дамуының диагностикасына іс-шаралар өткізу, жанұялық қарым-қатынастардың диагностикасы, жанұядағы жасырын мәселелерді және оларды шешу жолдарын анықтау).

3

- консультациялық (мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту сұрақтары бойынша ата-аналарға кеңес беру, оларды мектепке дейінгі тәрбие әдістеріне оқыту, ата-аналармен және балалармен дара және топтық сабақтар өткізу).

4

- үйлестіру-ұйымдастырушылық (баланың ата-анасына көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыру, консультациялық пункт педагогтарының әрекеттерін үйлестіру, есептік құжаттарды жүргізу).

5

- талдағыш (әлеуметтік ортаның ерекшеліктерін талдау және нақты бағалау, балабақшаға бармайтын балаларға көмек көрсету мәселелерін талдау).

6

- әдістемелік (консультациялық пунктті әдістемелік қамтамасыз ету, үй тәрбиесіндегі балалармен жұмыс тәжірибелерін талдау).

Консультациялық пункттің басты міндеттері:

Мектепке дейінгі жастағы балалардың тұлғалық жан-жақты дамуы бойынша ата-аналарға (заңды өкілдерге) әдістемелік көмек көрсету, мектепке дейінгі жастағы балаларды әлеуметтендіруге ықпал ету;

ата-аналарға (заңды өкілдерге) мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын (6) 7 дейінгі балаларды оқыту, тәрбиелеу сұрақтары бойынша консультациялық көмек көрсету;

ата-аналарға (заңды өкілдерге) диагностикалық көмек көрсету, мектепке дейінгі жастағы бала дамуындағы мәселелерді танып-білу және диагностикалау;

мектепке дейінгі жастағы балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуында кездесетін әртүрлі ауытқулардың алдын-алу жұмысын жүргізу;


мектепке дейінгі жастағы балаларын үйде тәрбиелейтін ата-аналарға (заңды өкілдерге) ақпараттық қолдау көрсету.

Болжамды нәтиже:


Балабақша өміріне отбасының араласу сезімін дамыту



Ата-аналардың психологиялық білім қажеттілігін қалыптастыру, сол білімін бала дамуына және өзінің дамуына қызығушылықпен пайдалану ықыласын таныту



Қиын жағдайларда ата-аналарға психологиялық көмек көрсету



Жаңа әлеуметтік жағдайларға сәйкес олардың бейімделуі және балалардың дайындық мәселесі бойынша, ата-аналардың жеке құзыреттілігін жоғарылату



«Ата-ана» - «Бала», «Ата-ана-педагог», «Педагог-бала» өзара қарым-қатынасын ұйымдастыру

Ата-аналарға арналған
сауалнама

Ақпарат.

«Біз мектепке барамыз» (ата-аналарға арналған тренинг)

Мақсаты: Бала тәрбиесі дамуындағы басты рөл атқарушы ата-ана. Сондықтан ата-ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу.

Ата-аналарға балаға рухани тәрбие берудегі ата-ананың рөлі жайлы түсіндіру.
Ата-аналарға жақсы көңілді көңіл күй сыйлай, өздерінің ойларымен бөлісіп, бір-біріне деген сыйластық қарым қатынаста болуға шақыру.

Міндеті: ата-аналарды өздерінің балаларының жан-дүниесін түсінуге шақыру.

Бүгін 31.01.2024 ж бөбекжайымызда «Біз мектепке барамыз!» атты тренинг болып өтті. Тренингіміздің ерекшелігі сол, тәрбие процесіндегі қиындықтарды біз боп пікірлесе отырып, ойымызды тжінідеп, өмір жолында пайдалану.
Бала қанша білім алып, мектеп табалдырығын аттағанмен, оның өмірінің көп бөлігі ата-анасының қасында өтеді екен.

1 «Танысу» жаттығуы

2 «Күту» жаттығуы

3 «Қызықты сұрақтар» жаттығуы

Ойын «Не жетіспейді?»

Ата-аналар пікірі: Ата-аналар смайліктерді алып, тренингтен ал, әсерлерімен бөлісті.
Өз балаларына көңіл бөлуге әрдайым уақыт болмайтынын, ендігі уақытта тырысатындықтарын айтып тілектерімен аяқтады.
Тренинг ата-анаға жақсы көңіл мен қуаныш эмоцияларын сілаумен аяқталды.

Ата-аналарға арналған психолог тренингі: «Мектепке бірге барамыз»

Мақсат:

- ата-аналарды «баланың мектепке психологиялық дайындығы» ұғымымен таныстыру;
- баланың танымдық саласын дамытуға арналған жаттығуларды енгізу, ата-аналарды баланың мектепте оқуға дайындығын, оның ішінде мотивациялық дайындығын қалыптастыруға үйрету;
- ересек пен бала арасындағы сындарлы қарым-қатынасқа ықпал ету.

Тапсырмалар:

- ата-аналардың құзыреттілігін арттыру;
- бір-бірімен танысу, топты біріктіру, бірлесіп жұмыс істеуге баулу;
- ата-аналарды мектепке дайындықты қалыптастыратын балалармен жұмыс істеудің қарапайым түрлеріне, атап айтқанда мотивациялық дайындыққа үйрету;
- ата-ананың рефлексия дағдыларын дамыту;

Құрал-жабдықтар: сурет, тақта, қағаз, қалам, доп.

Тренингтің өту барысы:

Сәлемдесу, таныстыру, сабақтың тақырыбы мен мақсатын жеткізу.

Психолог. Қайырлы күн, құрметті ата-аналар! Бүгінгі біздің «Мектепке бірге барамыз» атты семинар-тренингімізге қош келдіңіздер! Ата-ананың тілегі - баласының жақсы адам болуы, еңбек сүйгіштігі, оқу мен еңбектегі табыстары.

«Танысу» жаттығуы

Ата-аналар гүлді шеңбер бойымен өткізіп, өздерін және баланың атын атайды, неге бұлай атағанын түсіндіреді.

«Күту» жаттығуы

Психолог. Тренингке қатысу туралы шешім қабылдағанда, сіздердің әрқайсысыңыздың қандай да бір мақсатыңыз болды: сіз өз сұрақтарыңызға жауап алғыңыз келді және осыған байланысты белгілі бір үміттер болды.

Соған байланысты тақырыбымызды талқылауды бастамас бұрын, мен сіздің ұлыңыз немесе қызыңыз мектепке жақындаған кездегі алаңдаушылық деңгейін анықтауды ұсынамын.

Осы оқиғаға байланысты - *қуаныш пен сенімділік сезімін сезінетіндер ғана* қол соғады (шапалақтайды).

- Екі қолды көтеріңіз, *тек орташа алаңдаушылық танытатындар*;

- Бір қолыңызды көтеріңіз, *тек қазірдің өзінде күшті толқу мен алаңдаушылықты бастан кешірген адамдар*;

Психолог: Мектепке бару әр баланың ғана емес, бүкіл отбасының өміріндегі бетбұрыс кезеңі. Баланы мектепке қалай дайындаймыз? Көпшілігі баланы жазуға, оқуға және санауға үйретумен шектеледі. Бес жасар бала әлі байыпты оқи алмайды, сондықтан мұндай сабақтар барысында жанжалдар, айқайлар және көз жасымен

жүруі әбден мүмкін. Мүмкін балаңызды мектепке мүлдем дайындамағаныңыз дұрыс шығар? Уақыты келіп, бәрін өзі үйренетін шығар?

Мұғалімдер мен психологтар бұл өте қажет деп санайды. Бірақ мәжбүрлеусіз және жазасыз. Сіз баланы мәжбүрлемеуіңіз керек, баланың өзі оны қалау керек.

«Сезім диагностикасы» жаттығуы

Психолог. Отбасында болашақ бірінші сынып оқушысы өсіп келеді... уақыт өте бала мектепке барады. Ата-аналар көптеген сұрақтарға тап болады. Кім көбірек алаңдайды: ата-анасы ма, әлде олардың балалары ма? Ата-аналар өмірінде үш рет психологиялық дағдарысты бастан кешіреді деп есептеледі: бала дүниеге келгенде; бала мектепке барғанда және үйленгенде.

1. Ата-аналарға сөйлем жазу ұсынылады (әдетте оң қолымен жазатындар үшін сол қолымен және керісінше). Жазу кезінде не бастан өткердің, өз сезіміңді сипатта.

2. Ата-аналарға басқа ұлт тілінде жазылған сөздерді оқуды ұсынамыз. Бала әріпті танымай оқудағы қиыншылықтарын түсіндіреміз.

Бұл жаттығулар балаңыздың бірінші сыныпқа барған кездегі сезімін түсінуге көмектесті.

Балалардың танымдық процестерін дамытуға арналған жаттығулар мен ойындар

(үйде материалды қалай пайдалану керектігін ата-аналармен бірге жұмыс істейміз)

«Тыйым салынған цифр» ойыны

Мақсаты: зейінді, озбырлықты және өзін-өзі бақылауды қалыптастыру.

Психолог сандарды дауыстап айтады. Ойын қатысушылары сандарды хормен қайталайды, тек бір санды қайталауға тыйым салынады. Баяндамашы тыйым салынған санды айтқанда, қатысушылар жай ғана қол соғуы керек.

Ойын «Не жетіспеді?»

Мақсаты: көру есте сақтау қабілетін дамыту.

Баланың алдына ойыншықтарды (немесе суреттерді) қойыңыз - 10 данаға дейін. Оларға 1-2 минут қарауға рұқсат етіңіз, содан кейін бұрылыңыз, сіз ойыншықтарды ауыстырасыз немесе олардың біреуін аласыз. Балаңыздан: «Не жетіспейді?» Деп сұраңыз.

«Бір сөзбен айт» ойыны

Мақсаты: балалардың логикалық ойлауын дамыту.

Қатысушылардан сөздер қатарын атау, содан кейін олардың барлығын бір сөзбен атау ұсынылады.

Мысалы: түлкі, қоян, аю, қасқыр – жабайы аңдар.

Сергіту сәті: ата-аналардымен шеңбер құрып допты лақтыру арқылы іс-қиймылдарды орындаймыз(күшәқта, күлкі сыйла,амандас, тілек айт,ду-қол шапалақ,досыңа қол бұлға).

Ситуациялық көрініс.

Ата-аналар назарына екі көрініс көрсетіледі. Баласына көңіл бөлетін және көңіл бөлмейтін отбасы. Ситуацияға байланысты талқылау жүргізіп ,сұрақтар қойылады.

Ата-ана қорытынды пікірі:

Ата-аналар смайликтерді алып, тренингтен алға Ата-аналар смайликтерді алып, тренингтен алған көңіл күйімен бөліседі.

В.А.Сухомлинскийдің ойы бойынша: «Тек қана ата-аналармен бірге, жалпы күш-жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт беруі мүмкін.»

Қорытынды: Жоғарыдағы даналық сөзге сүйенсек, мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт беруі үшін тек ата-анамен бірігіп жұмыс істеу керек екенін ескерткен. Сондықтан, балаңыздың тамағының тоқтығы мен көңілінің көктігіне қарайтын, құр асыраушысы рөлінен шығып, ендігі жерде, сіздің алдыңызда балаңыздың білім алу жолындағы серіктесі, қиналғанда көмекшісі болу міндеті тұр деп бүгінгі тренингімізді аяқтағым келеді.

Қызметкердің лауазымдық нұсқаулығы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымының әдіскері нұсқаулығы

Балабақша директорына бағынады және Жарғыны орындайды.

Қызметке тағайындау және қызметтен босату Маңғыстау облысы білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№29 бөбекжай» жедел басқару құқығындағы МКҚК директоры бұйрығының негізінде жүргізеді.

Лауазымдық міндеттері:

- Білім беру қызметін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
- Оқу, оқу-тақырыптық жоспарларын және пәндер мен оқу курстары бойынша бағдарламаларды құрастырады. Балаларға арналған білім беру бағдарламаларын таңдауға (әзірлеуге) қатысады, білім беру ұйымдарымен, балалар орталықтарымен және басқа да ұйымдармен ынтымақтастықты дамытады;
- Тәрбие мен оқытудың мазмұнын, нысанын, әдістері мен құралдарын анықтауға көмек көрсетеді. Оқу-әдістемелік құжаттамаларды әзірлеуді, рецензиялауды және бекітуге дайындауды ұйымдастырады;
- Зерттеулер мен әзірлемелердің жаңа бағыттарын қалыптастырады және жас топтары бойынша сабақтар ретін құрады. Алдыңғы қатарлы практикалық тәжірибені таратуды және енгізуді қамтамасыз етеді. Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстарының жағдайына талдау жасайды;
- Білім беру деңгейлерінің үздіксіздігі мен сабақтастығы принциптерін сақтау, ата-аналармен өзара іс-әрекет жасау бойынша іс-шаралар ұйымдастырады;
- Жабдықтарды ауыстыру және қазіргі заманғы жабдықтарды сатып алу туралы ұсыныс енгізеді, топтарды оқу құралдарымен, ойыншықтармен, ойындармен жинақтауды ұйымдастырады;
- Тәрбиешілер үшін ашық сабақтар, семинарлар, жеке және топ бойынша консультациялар, конкурстар мен көрмелер өткізеді, шығармашылық топтардың жұмысын ұйымдастырады, оқу-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттердің деректер банкі жүргізеді, есепке алу және есеп беру құжаттамаларын уақытылы ресімдейді.
- Тәрбиешілердің, психологтардың, логопедтердің, музыкалық жетекшілердің, басқа да ұйым мамандарының өзара әрекеттесуін үйлестіреді. Балалардың білімдеріне, іскерліктеріне, дағдыларына талдау жасайды;
- Тәрбиеші лауазымына және олардың көмекшілеріне кадрларды іріктеу бойынша ұсыныстар енгізеді. Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру және оларды аттестаттау жұмыстарын үйлестіреді; Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзыретті меңгерген болуы тиіс;

Білуге міндетті:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңдары және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді;
- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, дидактика принциптерін, педагогика мен жас ерекшеліктер психологиясының негіздерін, тәрбие мен оқытудың жалпы және жеке әдістемелерін, оқу-бағдарламалық құжаттамаларды әзірлеу принциптері мен тәртібін, педагогикалық жұмыстың тиімді нысандары мен әдістерін анықтауды, жинақтау және енгізуді, балалардың медициналық-психологиялық-педагогикалық және жас ерекшелік анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері және жүйке-психикалық қызметін, әдістемелік және ақпараттық материалдарды жүйелеу принциптерін, оқытудың аудиовизуалды және интерактивті құралдарына қойылатын негізгі талаптарды, еңбек туралы заңнама негіздерін, еңбекті қорғауды, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғандың ережелері мен нормаларын, санитарлық ережелер мен нормаларды;

- жоғары, техникалық және кәсіптік педагогикалық білім және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жұмыс өтілі кемінде 5 жыл;

Санаттар бойынша біліктілікке қойылатын талаптар:

- біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маман: жоғары педагогикалық білім;
- біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ маман: тиісті мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білім және МДҰ тәрбиешісі лауазымындағы жұмыс өтілі 3 жылдан кем болмауы тиіс.

Тиісті санатты алу үшін міндеттерді анықтау арқылы біліктілікке қойылатын талаптар

Біліктілігі жоғары деңгейдегі педагог – модератор санатты маман:

- біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ әдіскерге қойылатын барлық талаптарға жауап беруі тиіс, сонымен қатар, оқу-әдістемелік құжаттамаларды басылымға әзірлеуді және дайындауды ұйымдастыра білуі, педагогтердің әдістемелік бірлестіктерінің жұмысын ұйымдастыруға қатысуы тиіс;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білімі және МДҰ әдіскері лауазымындағы жұмыс өтілі 3 жылдан кем болмауы тиіс;

Біліктілігі жоғары деңгейдегі педагог - сарапшы санатты маман:

- біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскерге қойылатын барлық талаптарға жауап беруі тиіс;
- оқу-әдістемелік жұмысты талдау әдістемесін меңгеруі, шығармашылық семинарларды, әдістемелік бірлестіктерді басқара білуі, МДҰ-ның оқу-тәрбиелік және тақырыптық жоспарларын өз бетінше әзірлей білуі тиіс;

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білімі болуы және МДҰ-ның әдіскері лауазымындағы жұмыс өтілі 4 жылдан кем болмауы тиіс;

Біліктілігі жоғары деңгейдегі педагог – зерттеуші немесе шебер санатты маман:

- біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты әдіскерге қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, ғылыми-зерттеу және эксперименттік жұмыстың әдістерін меңгеруі, білім беру процесінің өзекті проблемаларын шешу бойынша шығармашылық топтарды басқара білуі тиіс;

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білімі болуы және МДҰ-ның әдіскері лауазымындағы жұмыс өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс;

Біліктілігі орта деңгейдегі педагог - модератор санатты маман:

- біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ әдіскерге қойылатын барлық талаптарға жауап беруі тиіс, сонымен қатар, оқу-әдістемелік құжаттамаларды басылымға әзірлеуді және дайындауды ұйымдастыра білуі, педагогтердің әдістемелік бірлестіктерінің жұмысын ұйымдастыруға қатысуы тиіс;

Біліктілікке қойылатын талаптар: тиісті мамандық бойынша техникалық және кәсіптік білімінің болуы және МДҰ-ның әдіскері лауазымындағы жұмыс өтілі 3 жылдан кем болмауы тиіс;

Біліктілігі орта деңгейдегі педагог - сарапшы санатты маман:

- біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскерге қойылатын барлық талаптарға жауап беруі тиіс, сонымен қатар, оқу-әдістемелік жұмысты талдау әдістемесін меңгеруі, шығармашылық семинарларды, әдістемелік бірлестіктерді басқара білуі, МДҰ-ның оқу-тәрбиелік және тақырыптық жоспарларын өз бетінше әзірлей білуі тиіс;

Біліктілікке қойылатын талаптар: тиісті мамандық бойынша техникалық және кәсіптік білімінің болуы және МДҰ-ның әдіскері лауазымындағы жұмыс өтілі 4 жылдан кем болмауы тиіс;

Біліктілігі орта деңгейдегі педагог – зерттеуші немесе шебер санатты маман:

- біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскерге қойылатын барлық талаптарға жауап беруі тиіс, эксперименттік жұмыстың әдістерін меңгеруі, білім беру процесінің өзекті проблемаларын шешу бойынша шығармашылық топтарды басқара білуі тиіс;

Біліктілікке қойылатын талаптар: тиісті мамандық бойынша техникалық және кәсіптік білімінің болуы және МДҰ-ның әдіскері лауазымындағы жұмыс өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс;

Балабақшада жұмыс істеу құқығын растау үшін, уақытында медициналық қаралудан өтеді.

Ауыстырады _____

Ауыстырылады _____

Жұмыс аптасының ұзақтылығы _____ сағат

Кезекті демалысының ұзақтылығы _____ күн

Білуі керек: Алғашқы көмек көрсетуді, өртсөндіргішті пайдалануды.

Балалардың және үлкендердің өміріне қауіпті тосын жағдайда, қалай әрекет жасауды білуі керек.

Нұсқаумен таныстым және бір данасын алдым. Кашенова Анар Мухамедовна.

2023 ж «23» қазан.

А Т Ә

Қолы АТӘ

Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «
№29 бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны

Бекітемін:
« №29 бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК директоры:

Крымова Р.И.

01 желтоқсан 2022ж.

Білім беру ұйымдарындағы медициналық
пунктің мейіргері

Сенжаева Майра Наурызбайқызы

Лауазымдық міндеттері:

Медбикенің қызметі денсаулықты қорғауға және оқушылардың денсаулығын динамикалық бақылауға бағытталған.

Оқу кезеңінде және каникул кезінде сауықтыру іс-шараларын, оқу орындарында, оның ішінде көшпелі мамандар бригадаларын тарта отырып, профилактикалық медициналық тексерулер жүргізуді ұйымдастырады.

Орта білім беру ұйымдарында аурулардың алдын алуға, ұтымды тамақтану қағидаттарын енгізуге және сақтауға, ұрпақты болу денсаулығын қорғауға бағытталған денсаулық сақтау технологияларын енгізеді. Темекі өнімдерін тұтынудан, психобелсенді заттарды медициналық емес пайдаланудан, сондай-ақ құмар ойындарға патологиялық тартудан туындаған психикалық денсаулықты қорғау, суицидтік мінез-құлық пен тәуелділіктің алдын алу бойынша жұмыстарды жүргізеді.

Оқушыларды профилактикалық тексерулердің нәтижелері бойынша тереңдетілген медициналық тексеруге жібереді.

Жоспарлы, маусымдық немесе эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша білім алушылардың тиісті контингентіне вакцинация жүргізуді және оларды кейіннен бақылауды қамтамасыз етеді.

Аурулардың алдын алу, оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру және насихаттау, алғашқы көмек көрсету бойынша оқыту семинарларын, тренингтер мен дәрістер ұйымдастырады және өткізеді.

Білім беру және түсіндіру іс-шараларын өткізе отырып, ата-аналар мен педагогтарды мектеп оқушыларының денсаулығын сақтауға тартады.

Жіті және созылмалы аурулар, жарақаттар (шұғыл көмек, аумақтық емханаға жіберу, "жедел жәрдем" бригадасын шақыру) кезінде білім алушыларға, педагогикалық және техникалық персоналға алғашқы көмек көрсетеді.

Есептік-есептік медициналық құжаттаманы жүргізеді.

Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, өрт қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылық қағидаларын сақтайды.

Білуі керек:

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі "Халық денсаулығы және денсаулық жүйесі туралы" Кодексі, 1997 жылғы 11 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңы;

пайдаланылған материалды дезинфекциялау ережесі;

орта медициналық персоналдың қызметін ұйымдастыру мәселелері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі жөніндегі қағидалар мен нормалар.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

"Мейіргер ісі" немесе "Емдеу ісі", "Акушерлік іс" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік (орта арнайы, орта кәсіптік) медициналық білім, 2003 жылғы 11 ақпанға дейін осы лауазымға кіріскен тиісті мамандық бойынша Денсаулық сақтау саласындағы маманның сертификаты "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша қайта даярлау туралы сертификат немесе куәлік немесе "Мейіргер ісі" (қолданбалы бакалавриат) мамандығы бойынша орта білімнен кейінгі білім немесе "Емдеу ісі", "Педиатрия" мамандықтары бойынша жоғары медициналық, "Жалпы медицина", "Мейіргер ісі" мамандықтары бойынша бакалавриат және орта деңгейлі маман сертификаты.

Толықтайық: Р.И. Крымова

01.10.2022

"№29 бөбекжайы" ЖБҚ МКҚК, Ақтау қаласы, 31 ғимарат

КЕЛІСІЛДІ

«№29 бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК



«№29 бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК директор
Сырымбаева Н.Е.

05.09.2022 ж.

(Күні)

Арнайы педагогтің (логопед-педагог, логопед)
лауазымдық нұсқаулығы

Сырымбаева Н.Е.

Лауазымдық міндеттері:

- Оқушының физикалық, ақыл-ой, сөйлеу, неврологиялық жағдайын ескере отырып, арнайы білім қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асырады, сөйлеу және психофизикалық дамуға зерттеу жүргізеді, құжаттаманы жүргізеді және талдайды.
- Сөйлеу кемшілігін түзету әдістерін көрсетеді, балалардың психофизикалық және сөйлеу күйін ескере отырып, сабақ топтарын толықтырады.
- Дамудағы сөйлеу кемшілігін, сөйлеу қызметінің бұзылуын қалпына келтіру үшін топтық және жеке сабақтар өткізеді.
- Оқушылардың жеке тұлғалық мәдениетін қалыптастыруға және олардың әлеуметтенуіне ықпал етеді.
- Оқытудың әртүрлі нысандарын, әдістерін және құралдарын пайдаланады.
- Арнайы ұйымдарда дамуға сөйлеу кемшілігін барынша түзетуге бағытталған оқушыларды (тәрбиеленушілерді) оқыту және тәрбиелеу бойынша жұмыстарды жүзеге асырады.
- Жүйелі түрде өзінің кәсіби біліктіліктерін көтереді.
- Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгереді.
- Семинарларға, конференцияларға, педагогикалық қауымдастарға қатысады.
- Ата-аналармен (оларды алмастырушы тұлғалармен) байланыс жасайды, балаларға арнайы көмек көрсетудің арнайы әдістері мен тәсілдерін қолдану жөнінде кеңес береді.
- Оқыту процесі кезінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығына жауапты болады.

Білуге міндетті:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Бала құқықтары туралы конвенциясын", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Заңдарын мен білім беру мәселелерін,
- педагогикалық және ұйымдастырушылық міндеттерді шешу үшін қажетті көлемде жалпы теориялық пән негіздерін, педагогика, психология, жас ерекшелік физиологиясы, мектеп гигиенасын,
- арнайы педагогика және психология, бағдарламалар мен оқулықтарды, логопед кабинетін жарактандыру және жабдықтауға қойылатын талаптарды, оқыту құралдары және олардың дидактикалық мүмкіндіктерін, еңбек туралы заңнама негіздерін,
- еңбекті қорғау қағидалары мен нормаларын, санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы күрес негіздері бойынша басқа да нормативтік құқықтық актілерді.


Біліктілікке қойылатын талаптар:

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім "Арнайы білім" бағыты бойынша немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткенін растайтын құжат; жұмыс өтіліне талап қойылмайды.
- Және (немесе) біліктілігі жоғары деңгейдегі педагог-модератор үшін кемінде 3 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 4 жыл, педагог – зерттеуші кемінде 5 жыл, педагог-шебер кемінде 6 жыл.

Кәсіби құзыреттілікті анықтай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

1) "педагог-модератор":

- педагогке қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сонымен қатар:
- білім алушылардың дамуға сөйлеу кемшілігін диагностикалау мен түзетудің заманауи әдістерін қолданады,
- білім беру ұйымы деңгейдегі тәжірибені жинақтайды.



Лауазымдылық нұсқау

Дене шынықтыру нұсқаушысы

1. Жалпы ережелер.

1.1 Дене шынықтыру нұсқаушысы мекеменің мамандарының санатына жатады, жұмысқа директор қабылдайды және шығарады.

1.2 Дене шынықтыру нұсқаушысы тікелей әдіскерге бағынады.

1.3 Өз қызметінде дене шынықтыруынан нұсқаушы мына құжаттарды басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының заң актілері;
- мемлекеттік нормативтік акты мекеме басқармасының барлық сұрағы бойынша білім деңгейі, балаларды біліммен тәрбиелеу;
- ереже бойынша еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігін сақтау және өрт қауіпсіздігі;
- мекеменің жарлығы және құқықтық актілерін;
- осы лауазымдық нұсқаулық.

1.4 Дене шынықтыру нұсқаушысы қызметіне жоғары білімді және арнайы орта білімді педагог қабылданады.

1.5 Дене шынықтыру нұсқаушысы білуі қажет:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңын», баланың құқығы жөніндегі Конвенциясын;
- анатомо-физиологиялық және психологиялық баланың ерекшелігін;
- қазіргі заманға сай дене шынықтырудың міндетін;
- түрлі іс-әрекетін дамыту, денесінің дұрыс өсуін шынықтыру;
- әдістемелік оқу және тәрбиелеу баланы дене шынықтыру жаттығулар арқылы, дене жаттығуларына ұстаным, басқада жаттығу жұмысына, балалардың жас ерекшелігін ескере отырып қойылатын талаптарды;
- олардың іс-әрекетін дамыту және сапта жүру жаттығуларын;
- әдістемелік диагностика баланың дамуы және іс қимыл дайындығы;
- әр түрлі дене шынықтыру жаттығулардың ерекше әдістемесін жүргізу;
- еңбек заңының негіздерін;
- алғашқы медициналық көмек көрсету тәртібін білу.



Должностная инструкция

Инструктору по физкультуре

1 Общие положения

1.1 Инструктор по физкультуре относится к категории специалистов учреждения, принимается и увольняется директором.

1.2 Инструктор по физкультуре подчиняется непосредственно методисту.

1.3 В своей деятельности инструктор по физкультуре руководствуется:

- законодательными актами Республики Казахстан;
- государственными и нормативными актами органов управления образования всех уровней по вопросам образования и воспитания детей;
- правилами и нормам охраны труда, техники безопасности и противопожарной защиты;
- уставом и локальными правовыми актами учреждения;
- настоящей должностной инструкцией.

1.4 На должность инструктора по физкультуре принимаются лица с высшим педагогическим образованием и средним педагогическим образованием.

1.5 Инструктор по физкультуре должен знать:

- Конституцию Республики Казахстан, Закон Республики Казахстан «Об образовании», Конвенцию о правах ребенка;
- анатомо-физиологические и психологические особенности детей;
- задачи физического воспитания на современном этапе;
- закономерности формирования двигательных навыков и развития физических качеств;
- методику обучения и воспитания детей средствами физических упражнений, принципы построения физических упражнений для различных форм работы, способы организации в соответствии с поставленными задачами и возрастными особенностями детей;
- методику диагностики физического развития

и двигательной подготовленности детей;

- особенности методики проведения всех типов

и двигательной подготовленности
- особенности методики проведения
физкультурных занятий;
- правила и нормы охраны труда,
роvincia детей, пожарной безопасности
- основы трудового законодательства
- порядок оказания первой медицин-
щи.

2. Функции.

На инструктора по физкультуре
следующие функции:

- 2.1 Организация физкультурно - оз-
ного процесса в дошкольном учреж-
- 2.2 Координация всей культу-
ровительной работы.

3. Должностные обязанности.

Инструктор по физкультуре долж-

2. Қызметтері.

Дене шынықтыру нұсқаушысына мынадай қызмет-
тер жүктеледі:

- 2.1 Мектепке дейінгі мекемеде дене шынықтыру-са-
уықтыру процесін ұйымдастыру.
- 2.2 Дене шынықтыру – сауықтыру жұмысын коорди-
нациялық түрде өткізу.

3. Қызметтік міндеттері.

Дене шынықтыру нұсқаушысының міндеттері:

- 3.1 Баланы оқыту, тәрбиелеу жұмысын бағдарлама
және әдістемелік тәрбие бойынша жүргізу.
- 3.2 Дене шынықтыру сабағын, дене шынықтыру ме-
рекелерін өткізу және жеке баламен жұмыс, коррек-
циялық іс-әрекетін дамытып, жас ерекшелігін ескере
отырып балалардың дайындығын және психофизика-
лық ерекшелігін, өнегелі жігерлігін қалыптастыру.
- 3.3 Балалардың дене шынықтыру динамикасын ба-
қылау, баланың денсаулығын медициналық қызмет-
керлермен бірігіп бақылау, балаға көп дене күшін тү-
сірмеуді реттеу, дәрігер кеңесін орындау.
- 3.4 Дене шынықтыру сабағында қауіпсіздікті сақтау
баланың өмірі мен денсаулығына жауапкершілікпен
қарау.
- 3.5 Санитарлы-гигиеналық норманы және дене шы-
нықтыру залының ішкі жағдайын үнемі қадағалау.
- 3.6 Таңертеңгі гимнастика, жаттығу жұмыстары жэ-
не де іс-қимыл ойындары, іс-әрекетін дамытуға арнал-
жеке жұмыстары туралы тәрбиешілерге кеңес беру.
- 3.7 Педагогикалық кеңесте балалардың денсаулығын
шынықтыру арқылы қозғалыс дағдыларын және ден-
саулығын нығайту жөнінде мәлімет беру.
- 3.8 Үй жағдайында балаларды дене шынықтыру және
салауатты өмір сүруге тәрбиелеу жөнінде ата-аналар-
мен ағарту жұмысын жүргізу.

4. Құқықтары.

Дене шынықтыру нұсқаушысының құқықтары:

- 4.1 Жеке өз құқығын қорғау, кәсіптік ар.

4. Права.

Инструктор по физкультуре имеет право:

- 4.2 Мекеме басшысынан қызметтік міндеттерін орындау үшін қажетті жағдай жасауын талап ету.
4.3 Өз компетенциясына қарай бұйрық беріп, шешім қабылдау.
4.4 Өз білімін көтеру.
4.5 Ерікті түрде аттестациядан өту, сараптаудан өткен жағдайда деңгейлік санатын алу.

5. Жауапкершілігі.

Дене шынықтыру нұсқаушысы мыны жұмыстарға жауапты:

- 5.1 Қазақстан республикасының заңы бойынша дене сауықтыру шаралары өткізілгенде балалардың өмірі мен денсаулығына.
5.2 Қазақстан Республикасының заңы бойынша балабақша мекемесінде құқықтық және еңбек тәртібін сақтау.
5.3 Оқу-тәрбие жұмысының ережесі, өрт қауіпсіздігі, еңбек қорғау, санитарлы-гигиеналық ережелерін сақтау.
5.4 Осы нұсқаулықта кезделген лауазымдық міндеттерді орындалмаған немесе уақытында орындалмаған жағдайларға жауапты болады.

- 4.1 Защищать свои личные права, профессиональную честь и достоинство.
4.2 Требовать создания нормальных условий для выполнения служебных обязанностей.
4.3 Принимать решения, давать распоряжения в пределах своей компетенции.
4.4 Повышать квалификацию.
4.5 Аттестоваться на добровольной основе соответствующую квалификационную категорию и получить ее в случае успешного прохождения аттестации.

5. Ответственность.

Инструктор по физкультуре несет ответственность за:

- 5.1 Жизнь и здоровье каждого ребенка во время физкультурно - оздоровительных мероприятий в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.
5.2 Соблюдением правовой и трудовой дисциплины в учреждении ясли-сада, в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.
5.3 Соблюдение правил пожарной безопасности, охраны труда, санитарно - гигиенических правил организации учебно - воспитательного процесса.
5.4 Нечеткое и несвоевременное выполнение должностных обязанности, предусмотренные настоящей инструкцией.

тапсырған:



23. 01. 2012 ж.

Ұйымдастырылған
жұмыстың қорытындысы

Ақпарат

08.12.2023ж

«№29 бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

Тақырыбы: «Көк ту астында бірлігіміз жарасқан»

Мақсаты: Ойын арқылы балаларды дамыту, Отансүйгіштікке тәрбиелеу, татулықты, бірлікті ұғындыру.

Жауапты: дене шынықтыру мамандары

Қатысушылар: балалар, ата-аналар. (қатысқаны 10)

- 08.12.2023ж №29 бөбекжайында ҚР Тәуелсіздік күніне орай ата-аналардың қатысуымен «Көк ту астында бірлігіміз жарасқан» атты ұлттық ойындар сайыс болып өтті.
- Осы сайыста қазақтың ұлттық ойындары «Бәйге», «Тенге алу», «Арқан тартыс» ойындары ойналып, балалардың шымырлылығы, шапшаңдығы байқалды.
- Бұл сайыста өзге ұлт балалары қазақтың ұлттық ойындарын қызыға ойнады.
- Тәуелсіздік күніне өткізілген ұлттық ойындар сайысында жас ұрпақты Отанды сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай-қуатты ел екендігін мақтан етуге, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында өткізілді.